

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 209-211

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНДА ШЕКТЕУЛІ ТАРАЛҒАН КАРАНТИНДІ АҒЗА – ШЫҒЫС ЖЕМІС ЖЕМІРІНІҢ (*GRAPHOLITA MOLESTA* Busck.) ТАРАЛУЫ

Сейсенбек Ә.Е.

Шығыс жеміс жемірі – бұл өте қауіпті және экономикалық маңызы бар жеміс дақылдарының зиянкесі болып табылады. Климаттық, химиялық және физикалық факторлардың сабақтастығы бұл түрдің кең ауқымды географиялық таралуын қамтамасыз етеді. Зиянкес - полифаг, жеміс дақылдарын зақымдайды: сүйекті,

шекілдеуікті, әсіресе, өрік көшеттері мен жемісін, беже, долана, алмұрт, ырғай, бадам, шабдалы, алхоры, алма, шие. Еуропада өсетін барлық жеміс дақылдарын және декоративті-сәндік ағаштар өсетін ағаштар иесімдік ретінде келеді [1, 2, 3].

Зиянкестің отаны – Шығыс Азия (Қытай, Корея, Жапония), осы жерден кең жайылды. Жапонияда жемістің шығыс жемірі ең алғаш 1899 ж зиянкес ретінде тіркелді. 1913 ж АҚШ-та анықталды (одан ары Канада және Мексика елдеріне таралды), одан кейін Еуропада пайда болды. XX ғ 70 жж бүкіл Жерорта теңізі жағалауын түгелдей жайлады [4].

Бұрынғы КСРО территориясында алғаш 1964 ж Қара теңіз жағалауында, Адлерде анықталды. Ең алғаш ошақтың ауданы 46 га құрады. 1965 жж жемістің шығыс жемірі Абхазияда анықталды. 3 жыл өте ошақ ауданы 6000 га артты. 1966 ж Карпат тауларында, 1 жылдан соң – Украинада, Қырымда, Молдовада, содан соң Әзербайжанда анықталды [5].

Қазақстанда шығыс жеміс жемірімен оналасқан бақтарының ауданы 1986 га құрайды, бұл шамамен жеміс бақтардың жалпы ауданын санағанда 7% құрайды.

ҚР АШМ өсімдік қорғау және карантин департаментінің ақпараты мен жүргізілген зерттеулеріне сәйкес, жемістің шығыс жемірі республикада 2013 жылы Алматы облысында – 1111 га, Жамбыл облысында - 98 га, Маңғыстау облысы – 26 га, Оңтүстік Қазақстан облысы – 637 га, Алматы қаласында – 42 га жер аумағына таралған. Зиянкес Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қаласының екі көшеттерінде орналасып жатыр. Еліміздің басқа да аймақтарына енген жағдайында түрдің бірталай экономикалық зияндылығы көбейеді [2,3]. 1-кестедегі мәліметтерде 2015 жылы зиянкес республика территориясында

жалпы 829 га, оның ішінде Алматы облысында 495 га орналасқан. 2014 жылға қарағанда шығыс жеміс жемірінің жаңа ошақтары 275 га таралған [6].

Біздің республикада зиянкес жеміс шаруашылығына өрескел қауіп төндіреді, әсіресе, қолайлы климаттық жағдайлардың әсерінен оңтүстік облыстарда маусымына 3-5 генерация беруі мүмкін.

1-сесте - Шығыс жеміс жемірінің ҚР территориясында таралуы (2015 ж.)

Облыс, кала	Зерттелгені	Зақымдалған	Өңделгені	Жаңа ошақ
Алматы	1965	495	268	182
Жамбыл	800	23	23	0
Оңтүстік	1640	278	190	88
Алматы	240	33	27	5
Барлығы:	4645	829	508	275

Шығыс жеміс жемірінің зияндылығы бірнеше факторлармен шартталады: полифагия, жоғарғы жылдамдықпен көбею, зиянкес санын төмендететін энтомофагтардың жоқтығы.

Жемістердің зақымданған жерінде шайыр бөлінеді, өркендерінде жұлдызқұрттар 7-15 см дейін жолдар жасайды. Жұлдызқұрттармен ерекше жетілмеген жоғарғы жас өркен жапырақтары, кейіннен 4-5 ұшар жапырақтар, зақымданғанда өркен толығымен солып қалады. Жұлдызқұрттарға жұмыртқадан шыққаннан бастап толық дамығанға дейін, жемістер берік жасырыну және қоректік орта болып табылады. Жемістердің жұмсағы мен тұқымымен қоректеніп, олардың дұрыс жетілуі бұзады. Зақымданған жемістер шіріп, түсіп қалатындықтан, өнімнің түсімі төмендетеді. Одан кеш кездегі жемістердің зақымдануы, олардың тауарлық сапасын төмендетеді, нәтижесінде жемістер сатылуға жарамсыз болады және сәйкесінше, тауарлық сұрыптауда ақаулыққа жатқызылады [7].

Әдебиеттер тізімі

1 Шутова Н.Н. Восточная плодоярка в СССР // Сб. тр. ВНИИКР, Быково, 1980. С. 5-24.

2 Сагитов А.О., Бадаев Е.А. и др. Вредные организмы сельскохозяйственных культур, имеющие карантинное значение для территории Республики Казахстан. Справочник. Алматы.- 2008.- 256 с.

3 Teixeira R., Fernandez J.I., Pereira J. Identification of *Grapholita molesta* (Busck) (Lepidoptera: Tortricidae) biotypes using infrared spectroscopy // Neotropical entomology. (Thomson Reuters) – 2015. – Т.67. –

№2. – С. 129-133

4 Сагитова А.О., Камбулин В.Е., Бадаев Е.А., Динасилова А.С. Карантин растений. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений и колледжей. - Алматы, Каз- НАУ, 2013.-326 с.

5 Власова В.А., Хардилов Ф.Ф. Агроклиматическое обоснование возможного ареала и зон вредоносности на территории СССР // Сб. тр. ВНИИКР, Быково, 1980. С. 44-54. 6 По данным отчетов ГУ «Республиканский методический центр фитосанитарной диагностики и прогнозов» за 2015 год

7 Song Y. Q., Sun H. Z., Wu J. X. Morphology of the sensilla of larval antennae and mouthparts of the oriental fruit moth, *Grapholita molesta* // Bulletin of Insectology. – 2014. – Т. 67. – №. 2. – С. 193-198.

Ғылыми жетекші: а.ш.ғ.к, аға оқытушы
Б.С.Садықов